

Арнайы экономикалық аймақтың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 26 наурыздағы № 210 бүйрүғы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылды 15 мамырда № 11053 тіркелді

«Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 30 маусымдағы Кодексінің 60-1-бабына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) Осы бүйрықтың 1-қосымшасына сәйкес, Арнайы экономикалық аймақтың аумағын жайластыру және осындай аумақта тұлғалардың кіруіне рұқсат беру қағидасы;

2) Осы бүйрықтың 2-қосымшасына сәйкес, Арнайы экономикалық аймақтың аумағына тауарларды әкелу туралы хабарламаны беру, сондай-ақ арнайы экономикалық аймақтың аумағына тауарларды әкелуге және мұндай аумақтан тауарларды әкетуге рұқсат беру қағидасы;

3) Осы бүйрықтың 3-қосымшасына сәйкес, Тауарлардың есебін жүргізу, сондай-ақ мемлекеттік кірістер органына еркін кедендей әрекеттегінде орналастырылған тауарлар бойынша есептілікті ұсыну қағидасы;

4) Осы бүйрықтың 4-қосымшасына сәйкес, Еркін кедендей әймақ кедендей әрекеттегінде орналастырылған тауарларды, Кеден одағының тауарлары деп тану қағидасы бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті (Д.Е. Ерғожин) заңнамада белгіленген тәртіпте:

1) осы бүйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бүйрықты мемлекеттік тіркеуеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны ресми жариялауға мерзімдік баспа басылымдарына және «Әділет» ақпараттық құқықтық жүйесіне жолдауды;

3) осы бүйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурстарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бүйрық оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енеді.

Қаржы министрі

Қазақстан Республикасы

Б. Сұлтанов

«Келісілді»

Қазақстан Республикасы

Инвестициялар және даму министрі

д. Исекешев

2015 жыл 9 сәуір

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлінің

2015 жылғы 26 наурыздағы

№ 210 бүйрүғына 1-қосымша

Арнайы экономикалық аймақтың аумағын жайластыру және осындай аумақта кіруге рұқсат беру қағидасы

1. Жалпы ережелер

1. Осы Арнайы экономикалық аймақтың аумағын жайластыру және осындай аумаққа кіруге рұқсат беру қағидасы 2010 жылғы 18 маусымдағы Кеден одағының кедендік аумағындағы еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтар және еркін кедендік аймақтың кедендік ресімі мәселелері жөніндегі келісімнің 9-бабының 7-тармағына және «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» Қазақстан Республикасы 2010 жылғы 30 маусымдағы Кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 60-1 және 186-баптарына сәйкес әзірленді және арнайы экономикалық аймақтың (бұдан әрі - АЭА) аумағын жайластыру және осындай аумақты қоршау бойынша талапты қоса, осындай аумаққа кіруге рұқсат беру тәртібін қарастырады.

2. Аталған талаптар АЭА аумағында немесе оның бөлігінде қолданылады.

2. Арнайы экономикалық аймақтың аумағын жайластыру тәртібі

3. Кедендік бақылаудың тиімділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында АЭА-ны құру және жұмыс істеу мәселелерін реттейтін Кеден одағының және Қазақстан Республикасының кеден заңнамасын сақтау мақсатында еркін кедендік аймақ кедендік ресімі қолданылатын АЭА аумағын жайластыру міндетті түрде мынадай талаптарды орындаумен жүзеге асырылады:

1) АЭА-ға қатысуыш өзінің қызметін жүзеге асыратын АЭА аумағы немесе оның бөлігі, сыртқы жағынан Кодекстің 186-бабының 3-тармағымен көзделген талаптарына сәйкес белгілер қойылады және оның шекарасын айқындауға мүмкіндік беретін қоршауы болады;

2) көлік құралының (көліктің түріне қарай) қозғалыс мүмкіндігін қамтамасыз ететін кіреберіс жолдарының болуы;

3) кедендік бақылау аймағының шекарасының жобасында көрсетілген АЭА аумағына (аумағынан) немесе АЭА аумағының бөлігінде тауарлар мен көлік құралдарын әкелу (әкету), сондай-ақ тұлғалардың кіру (шығу) орындары;

4) тауарларды еркін кедендік аймақ кедендік ресіміне немесе өзге кедендік ресіммен орналастырғанға дейін оларды түсіру, тиесе сақтауға байланысты операциялар жүргізілетін, кедендік бақылау аймағында күнтізбелік соғы отыз күн ішінде болған оқиғалардың бейнеказбасын қаруға мүмкіндік беретін тәулік бойы режимде жұмыс істейтін бейнебақылау жүйесімен жабдықталады;

5) тауарларды еркін кедендік аймақ кедендік ресімімен немесе өзге кедендік ресімімен орналастырғанға дейін оларды сақтау үшін арналған АЭА аумағы немесе оның бөлігі тәуліктің қарандырылған жақытында жарықтандырылады.

4. Мемлекеттік кірістер органдары АЭА аумағына (аумағынан) немесе АЭА аумағының бөлігінде әкелінетін (әкетілетін) тауарлар мен көлік құралдарына, кедендік бақылауды жүргізу үшін тиісінше жабдықталған және техникалық жарақтандырылған бақылау-өткізу пункттерін (бұдан әрі - БӨП) осы тармақтың ережелерін ескере отырып айқындаиды.

БӨП құрамына:

АЭА аумағына (аумағынан) немесе АЭА аумағы бөлігінде тауарлар мен көлік құралдарына кедендік бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды тұлғаларын орналастыру үшін көзделген байланыс құралдарымен жабдықталған үй-жайлар;

тәулік бойы жұмыс режимі кезінде мемлекеттік кірістер органдарының лауазымды тұлғаларына арналған демалу бөлмесі;

БӨП шлагбаумдармен (қақпалармен) және (немесе) автокөліктің қозғалысын тоқтататын қондырғылармен жабдықталады;

5. АЭА аумағында оның санын негізге ала отырып мемлекеттік кірістер органдарын орналастыру үшін, телекоммуникация құралдарымен жарақтандырылған, жайластырылған ғимараттар немесе оғистік үй-жай бөлінеді.

6. Кедендік инфрақұрылым объекттері, ғимараттарды қоса алғанда, БӨП, АЭА аумағына (аумағынан) немесе АЭА аумағы бөлігіне әкелу (әкету) және (немесе) кіру (шығу) орындары, мемлекеттік кірістер органдарын орналастыруға арналған қызметтік үй-жайлар, сондай-ақ ашық алаңдар, АЭА материалдық-техникалық жарақтандыру жайластыру жоспарына қосылады, сондай-ақ

олардың саны мен орналасуын қызмет аймағында АЭА орналасқан мемлекеттік кірістер органдары айқындайды.

7. АЭА аумағында немесе оның бөлігінде тауарларды кедендік тазарту және кедендік бақылау үшін арналған арнайы жайластырылған қойма үй-жайлары және (немесе) ашық аландар құрылады. Көрсетілген үй-жайлар және (немесе) аландар тиесіру жұмыстарын жүргізу үшін техникалық құралдармен қамтамасыз етіледі.

8. АЭА аумағын жайластыру осы Қағидаларға сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған АЭА басқару органы және (немесе) АЭА аумағының бөлігіндегі АЭА қатысушыларымен қамтамасыз етіледі.

3. Тұлғалардың арнайы экономикалық аймақтың аумағына кіру тәртібі

9. АЭА аумағына тұлғалардың және олардың жеке пайдалануындағы көлік құралдарының (бұдан әрі – көлік құралы) кіруі мына шарттар сақталған кезде жүзеге асырылады:

1) АЭА аумағына (аумағынан) жеке тұлғалардың кіруі (шығуы), сондай-ақ көлік құралдарының кіруі (шығуы) Кодекстің 13-бабының ережелеріне сәйкес БӘП арқылы және мемлекеттік кірістер органының жұмыс уақыты кезінде жүзеге асырылады;

2) АЭА аумағына (аумағынан) және (немесе) АЭА аумағының бөлігіне жеке тұлғалардың кіруі (шығуы) мынадай тәртіп:

қызметін кедендік бақылау аймақтарында жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының тиісті бақылаушы органдарының лауазымды тұлғалары үшін қызметтік куәлігін ұсынған кезде тұрақты рұқсаттама бойынша;

құқық қорғау немесе арнайы органдардың лауазымды тұлғалары үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қаулы бойынша;

лауазымдық міндеттерін орындау көрсетілген тұлғалардың АЭА аумағында тікелей болуына байланысты, қызметін АЭА аумағында жүзеге асыратын тұлғалар үшін рұқсаттама бойынша;

лауазымдық міндеттерін орындау көрсетілген тұлғалардың АЭА аумағында қысқа уақытта болуына байланысты, қызметін АЭА аумағында жүзеге асыратын тұлғалар үшін уақытша рұқсаттама бойынша жүргізіледі.

10. Қызметін АЭА аумағында жүзеге асыратын тұлғалар, өзінің штатындағы қызметшілердің және көлік құралдарының тізімін (бұдан әрі – тізім) осы Қағидаға қосыншаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік кірістер органына олардың АЭА аумағына кіруіне рұқсат етуге жолдайды.

Қызметін АЭА аумағында жүзеге асыратын тұлғаларға АЭА-ға қатысушылардың бірінші тізіліміне енгізілген, сондай-ақ АЭА аумағында қызметтің қосалқы тұрларін жүзеге асыратын өзге тұлғалар жатады.

11. АЭА қатысушысы, жеке тұлғалар және (немесе) олардың жеке немесе қызметтік пайдалануындағы көлік құралдары бойынша тізімде мәлімделген мәліметтердегі кез келген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы мемлекеттік кірістер органдарын, осындағы өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлайды.

12. АЭА аумағына кіруге уақытша рұқсаттама жеке тұлғаларға және мемлекеттік органдардың, кәсіпорындар мен ұйымдардың қызметкерлеріне осы тұлғалардың АЭА аумағында болуымен тікелей байланысты, оларға жүктелген міндеттерді орындау мақсатында, АЭА аумағына бір жолдық және қысқа уақытқа келу үшін ресімделеді.

АЭА аумағына кіру үшін уақытша рұқсаттаманы АЭА қатысушы бір сағат ішінде үш данада ресімдейді, олардың әрқайсысы мынадай тәртіппен бөлінеді:

бірінші данасы бақылауды жүзеге асыратын БӘП-те болады;

екінші данасы осындағы рұқсаттаманы берген тұлғада болады;

үшінші данасы АЭА аумағында қызметін атқаратын тұлғаға кері қайтарылады.

13. Осы Қағидалардың 9-тармағының 1) тармақшасы АЭА аумағының бөлігінде өзінің қызметін жүзеге асыратын АЭА қатысушысына қатысты қолданылмайды.

АЭА аумағының бөлігінде кіруге рұсат беруді осы аумақтақта орналасқан АЭА қатысушысы жүзеге асырады.

14. Қазақстан Республикасы заңнамаларында көзделген жағдайларда адамдардың өмірін құтқаруды және денсаулығын сақтауды жүзеге асыру үшін медициналық қызметтер мен өзге қызметтердің қызметшілерін АЭА аумағына кіргізу БӨП тоқтаусыз жүзеге асырылады.

Арнайы экономикалық аймақтың аумағына жайластыру және осындай аумаққа кіруге рұқсат беру қағидасы қосымша

Нысан

АЭА қатысушысының атауы

«___» ____ 20 ____ ж.

№ р/с	Қызметін АЭА аумағында жүзеге асыратын тұлғаның штатындағы жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты	жеке басын күәландыратын құжаттың нөмірі мен күні	жеке тұлғаны жұмысқа қабылдау туралы күәландыратын құжаттың нөмірі мен күні	көлік құралының маркасы мен тіркеу нөмірі

А.Ә.Т. _____ басшының қолы

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылғы 26 наурыздағы
№ 210 бүйріғына 2-қосымша

Арнайы экономикалық аймақтың аумағына тауарларды әкелу туралы хабарламаны беру, сондай-ақ арнайы экономикалық аймақтың аумағына тауарларды әкелуге және мұндай аумақтан оларды әкетуге рұқсат беру қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Арнайы экономикалық аймақтың аумағына тауарларды әкелу туралы хабарламаны беру, сондай-ақ арнайы экономикалық аймақтың аумағына тауарларды әкелуге және мұндай аумақтан оларды әкетуге рұқсат беру қағидалары «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» Қазақстан Республикасы 2010 жылғы 30 маусымдағы Кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 60-1-бабына сәйкес әзірленді және арнайы экономикалық аймақтың аумағына (аумағынан) тауарларды әкелу туралы хабарламаны беру, тауарларды әкелуге және әкетуге рұқсат беру тәртібін айқындауды (бұдан әрі - АЭА).

2. Тауарларды, оның ішінде АЭА аумағына әкелінген немесе АЭА аумағынан әкетілген Кеден дағының тауарларын өткізу бақылау-өткізу пункттері (бұдан әрі - БӨП) арқылы жүзеге асырылады.

2. Порттық және логистикалық АЭА қоспағанда, АЭА аумағына тауарларды әкелу туралы хабарламаны беру тәртібі

3. Порттық және логистикалық АЭА қоспағанда, еркін кедендейтік аймақ кедендейтік ресімі қолданылатын АЭА аумағына тауарларды әкелу мұндай әкелу туралы мемлекеттік кірістер органына хабарлай отырып, жүзеге асырылады.

4. АЭА аумағына тауарларды әкелу туралы мемлекеттік кірістер органына хабарлауды (бұдан әрі - хабарлама) мына тұлғалар (бұдан әрі - уәкілетті тұлға) жүргізеді:

тасымалдаушы (кедендейтік тасымалдаушы) немесе кедендейтік бақылаудағы шетелдік тауарларды, сондай-ақ кедендейтік бақылауда тұрмалған Кеден одағының тауарларын тасымалдауды жүзеге асыратын өзге тұлға;

АЭА қатысушы немесе оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін тұлға;

АЭА аумағында қосалқы қызметті жүзеге асыратын өзге тұлға немесе оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін тұлға;

5. АЭА аумағына әкелінетін тауарлар мен көлік құралдарын бақылауды және есебін жүргізуі қамтамасыз ету мақсатында уәкілетті тұлға мемлекеттік кірістер органына коммерциялық, көліктік (тасымалдау) және (немесе) кедендейтік бақылау үшін қажетті мәліметтер бар әкелінетін тауарларға қатысты кедендейтік құжаттардың көшірмелерін және түп нұсқаларын ұсыну арқылы хабарлайды.

Коммерциялық, көліктік (тасымалдау) құжаттары ретінде Кодекстің 4-бабының 1-тармағының 29) және 30) тармақшаларында көрсетілген құжаттар беріледі.

Кедендейтік құжаттар ретінде мыналардың бірі беріледі:

Мемлекеттік кірістер органдары мәлімделген кедендейтік ресімінде сәйкес ресімдеген тауарларға арналған декларация немесе оған сәйкес тауарлар еркін кедендейтік аймақ кедендейтік ресімімен орналастырылған өзге құжат;

транзиттік декларация немесе транзиттік декларация ретінде пайдаланылатын өзге құжат (ХЖТ кітапшасы, карнет ATA).

6. АЭА аумағына тауарлар мен көлік құралдарын әкелу туралы шешімді мемлекеттік кірістер органыныңлауазымды тұлғасы тауарлар мен осы Қағиданың 5-тармағында көрсетілген құжаттарға қатысты кедендейтік бақылауды жүргізгеннен кейін дереу қабылдайды.

АЭА аумағына тауарлар мен көлік құралдарын әкелу туралы шешімді қабылдау кезінде мемлекеттік кірістер органыныңлауазымды тұлғасы ұсынылған коммерциялық, көліктік (тасымалдау) және (немесе) кедендейтік құжаттардың көшірмелеріне және түп нұсқаларына қол қоюмен және жеке нөмірлі мөрінің бедерімен расталатын тиісті белгілерді, шешім қабылдаған күнді қояды.

Ұсынылған құжаттардың түп нұсқалары уәкілетті тұлғаға кері қайтарылады, ұсынылған құжаттардың көшірмелері мемлекеттік кірістер органында қалады.

7. Осы Қағиданың 5-тармағында көрсетілген құжаттардың ұсынылмауына байланысты АЭА аумағына тауарлар мен көлік құралдарын әкелуге рұқсат беруден бас тарту туралы шешім қабылдаған жағдайда мемлекеттік кірістер органыныңлауазымды тұлғасы уәкілетті тұлғаға мұндай бас тартудың себептері және ол тауарлар мен көлік құралдарына қатысты жасауы қажет әрекеттер туралы дереу хабардар етеді.

Бұл ретте, мемлекеттік кірістер органыныңлауазымды тұлғасы осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бас тарту парагын ресімдейді.

8. Мемлекеттік кірістер органы осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес белгіленген нысандағы, оның ішінде электронды тұрдегі АЭА аумағына тауарларды әкелу туралы хабарламаларды тіркеу журналында хабарламалардың есебін жүргізеді.

3. Порттық немесе логистикалық АЭА аумағына тауарлар мен көлік құралдарын әкелу тәртібі

9. Порттық немесе логистикалық АЭА аумағына тауарлар мен көлік құралдарын әкелу мемлекеттік кірістер органының рұқсатымен жүзеге асырылады.

10. Порттық немесе логистикалық АЭА аумағына тауарлар мен көлік құралдарын әкелуге рұқсат

(бұдан әрі - әкелуге арналған рұқсат) мына тұлғаларға:

тасымалдаушыға (кедендік тасымалдаушыға) немесе шетелдік тауарларды және Кеден одағының тауарларын тасымалдауды жүзеге асыратын өзге тұлғаға;

АЭА-ға қатысуышыға немесе оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін тұлғаға;

АЭА аумағында қосалқы қызметті жүзеге асыратын өзге тұлғаға немесе оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін тұлғаға ұсынылады.

11. Осы Қағиданың 10-тармағында көрсетілген тұлғалар порттық немесе логистикалық АЭА аумағына тауарлар және көлік құралдарын әкелуге рұқсат алу мақсатында мемлекеттік кірістер органына мыналар:

- 1) тауарлардың атауы;
- 2) тауарлардың мөлшері;
- 3) тауарлардың өлшем бірілі;
- 4) тауарлардың брутто салмағы;
- 5) тауарлардың құны;

6) көлік құралы туралы мәліметтері бар коммерциялық, көліктік (тасымалдау) және (немесе) кедендік құжаттарды ұсынады.

12. Мемлекеттік кірістер органының лауазымды тұлғасы тауарларға, көлік құралдарына, сондай-ақ осы Қағиданың 11-тармағында көрсетілген құжаттар мен мәліметтерге қатысты кедендік бақылауды жүргізгеннен кейін дереу тауарларға және көлік құралдарына рұқсат ету туралы шешім қабылдайды.

Тауарлар мен көлік құралдарын әкелу туралы шешім қабылдаған кезде мемлекеттік кірістер органының лауазымды тұлғасы ұсынылған құжаттардың сол жақ жоғары бұрышына «АЭА аумағына әкелуге рұқсат беріледі» деген бедер түріндегі тиісті мөртаңбаны, қол қоюмен және жеке нөмірлі мөрінің бедерімен расталатын шешім қабылдаған күнді қояды.

Ұсынылған құжаттардың түп нұсқалары осы Қағидалардың 10-тармағында көрсетілген уәкілетті тұлғаға қайтарылады.

13. Осы Қағиданың 11-тармағында белгіленген құжаттардың ұсынылмауына байланысты тауарлар мен көлік құралдарын әкелуге рұқсат беруден бас тарту туралы шешім қабылдаған жағдайда мемлекеттік кірістер органының лауазымды тұлғасы дереу мұндай бас тартудың себептері және ол тауарлар мен көлік құралдарына қатысты жасауы қажет әрекеттер туралы хабардар етеді.

Бұл ретте, мемлекеттік кірістер органының лауазымды тұлғасы осы Қағидаға 1-қосымшада белгіленген нысан бойынша бас тарту парағын ресімдейді.

4. АЭА аумағынан тауарлар мен көлік құралдарын әкету тәртіби

14. АЭА аумағынан, оның ішінде ЕКА кедендік рәсімі қолданылатын порттық және логистикалық АЭА-ның аумағынан тауарлар мен көлік құралдарын әкету мемлекеттік кірістер органының рұқсатымен жүзеге асырылады.

15. АЭА аумағынан тауарлар мен көлік құралдарын әкету мақсатында мемлекеттік кірістер органы АЭА аумағынан тауарлар мен көлік құралдарын әкетуге рұқсат ету үшін (бұдан әрі - әкетуге арналған рұқсат) кедендік бақылауды жүзеге асырады.

16. Әкетуге арналған рұқсат мына тұлғаларға:

тасымалдаушыға (кедендік тасымалдаушыға) немесе шетел тауарларды және Кеден одағының тауарларын тасымалдауды жүзеге асыратын өзге тұлғаға;

АЭА-ға қатысуышыға немесе оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін тұлғаға;

АЭА аумағында қосалқы қызметті жүзеге асыратын өзге тұлғаға немесе оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін тұлғаға ұсынылады.

17. Әкетуге арналған рұқсат мемлекеттік кірістер органына:

әкетіletтін тауарлардың Кеден одағының және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасымен белгіленген тәртіппен және шарттарда кедендік рәсіммен орналастырылғанын;

егер, әкелінетін тауарлар АЭА аумағына кедендік рәсіммен орналастырылмастан әкелінген жағдайда көрсетілген тауарлар кедендік мақсат үшін Кеден одағы тауарларының мәртебесіне ие екендігін растайтын құжаттарды және мәліметтерді ұсыну шартымен ұсынылады.

18. Осы Қағиданың 16-тармағында көрсетілген тұлғалар әкетуге арналған рұқсатты алу мақсатында мемлекеттік кірістер органына коммерциялық, көліктік (тасымалдау) немесе:

- 1) тауарларды жөнелтушінің және алушының атауы және тұрған жері;
- 2) тауарлардың атауы (саудалық, коммерциялық немесе өзге дәстүрлі атаулары) және олардың мөлшері (жұк орнының саны, тауарлар орамының түрлері, тауарлардың брутто салмағы (килограммен);
- 3) көлік құралдары туралы және оның тіркеу нөмірлері;
- 4) АӘА аумағынан әкетілетін тауарларға қолданылатын кедендік рәсім туралы мәліметтері бар осы Қағиданың 5-тармағында көрсетілген кедендік өзге құжаттарды ұсынады.

19. Әкетуге арналған рұқсатты мемлекеттік кірістер органыныңлауазымды тұлғасы тауарларға және көлік құралдарына, осы Қағиданың 18-тармағында көрсетілген құжаттар мен мәліметтерге қатысты кедендік бақылауды жүргізгеннен кейін дереу ресімдейді.

Тауарлар мен көлік құралдарын әкету туралы шешім қабылдаған кезде мемлекеттік кірістер органыныңлауазымды тұлғасы ұсынылған құжаттардың сол жақ жоғары бұрышына «АӘА аумағынан әкетуге рұқсат беріледі» деген бедер түріндегі тиісті мөртаңбаны, қол қоюмен және жеке нөмірлі мөрінің бедерімен расталатын шешім қабылдаған күнді қояды.

20. Осы Қағиданың 17 және 18-тармақтарында белгіленген шарттардың сақталмауына және құжаттардың ұсынылмауына байланысты тауарлар мен көлік құралдарын әкетуге рұқсат беруден бас тарту туралы шешім қабылдаған жағдайда мемлекеттік кірістер органыныңлауазымды тұлғасы тұлғаса мұндай бас тартудың себептері және ол тауарлар мен көлік құралдарына қатысты жасауы қажет әрекеттер туралы хабардар етеді.

Бұл ретте, мемлекеттік кірістер органыныңлауазымды тұлғасы осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бас тарту парагын ресімдейді.

Арнайы экономикалық аймақтың аумағына тауарларды әкелу туралы хабарламаны беру, арнайы экономикалық аймақтың аумағына тауарларды әкелуге және мұндай аумақтан тауарларды әкетуге рұқсат беру қағидасына 1-қосымша

Нысан

Бас тарту парагы

Мемлекеттік кірістер органының атауы, коды
20 ____ ж. « ____ » ____ . _____

Мемлекеттік кірістер органы мына тауарларды және көлік құралдары АӘА аумағына (аумағынан) әкелу (әкету) мүмкін емес екендігі туралы шешім қабылданғанын хабарлаймыз:

№ p/c	Тауардың атауы

мынадай себептер бойынша:

(АЭА аумағына (аумағынан) әкелу (әкету) мүмкін емес екендігі туралы
шешім қабылданған себептер көрсетіледі)

Сізге АЭА аумағына (аумағынан) әкелу (әкету) мақсатында
тауарларға және осындай тауарларды тасымалдайтын көлік құралдарына
қатысты мынадай әрекеттерді жасау қажет: _____

Мемлекеттік кірістер органы лауазымды тұлғасының А.Ә.Т.

(қолы) ЖНМ

Бас тарту парасын алған тұлғаның А.Ә.Т.
(қолы)

Арнайы экономикалық аймақтың аумағына тауарларды әкелу туралы хабарламаны беру, арнайы экономикалық аймақтың аумағына тауарларды әкелуге және мұндай аумақтан тауарларды әкетуге рұқсат беру қағидасына 2-қосымша

Нысан

АЭА аумағына тауарларды әкелу туралы хабарламаларды тіркеу журналы

Тіркеу №	Жөнелтуші	Алушы	Тауардың атаяу	Саны	Салмағы (брутто) кг.	Құны	Көлік құралының маркісі және нөмірі	Тауардың мәртебесі	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2015 жылғы 26 наурыздағы
№ 210 бұйрығына 3-қосымша

Тауарлардың есебін жүргізу, сондай-ақ мемлекеттік кірістер органына еркін кедендейк аймақ кедендейк рәсіміне орналастырылған тауарлар бойынша есептілікті ұсыну қағидасы

1. Жалпы ережелер

1. Осы Тауарлардың есебін жүргізу, сондай-ақ мемлекеттік кірістер органына еркін кедендей аймақ кедендей рәсіміне орналастырылған тауарлар бойынша есептілікті ұсыну қағидасы «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» Қазақстан Республикасы 2010 жылғы 30 маусымдағы Кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 60-1 және 210-баптарына және 2010 жылғы 18 маусымдағы Кеден одагының кедендей аумағындағы еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтар және еркін кедендей аймақтың кедендей рәсімі мәселелері жөніндегі келісімнің (бұдан әрі - АӘА туралы келісім) 14-бабының 4-тармағына сәйкес әзірленді және еркін кедендей аймақ (бұдан әрі - ЕКА) кедендей рәсіміне орналастырылған тауарлардың және көрсетілген кедендей рәсіммен орналастырылған тауарлардан дайындалған (алынған) тауарлардың есебін жүргізу, сондай-ақ мемлекеттік кірістер органына осындай тауарлар бойынша есептілікті ұсыну тәртібін айындауды (бұдан әрі - Қағида).

2. Тауарлардың есебін жүргізу тәртібі

2. Арнайы экономикалық аймақтың қатысушысы (бұдан әрі - АӘА қатысуши) осы Қағиданың 1 және 2-қосымшаларына сәйкес белгіленген нысандар бойынша есепке алу кітабын жүргізу жолымен (бұдан әрі - Есепке алу кітабы) қағаз тасымалдағышында немесе мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйесімен интеграцияланған тауарларды есепке алуудың автоматтандырылған жүйесін пайдаланып электрондық түрде ЕКА кедендей рәсіміне орналастырылған тауарлардың және көрсетілген кедендей рәсіммен орналастырылған тауарлардан дайындалған (алынған) тауарлардың есебін жүргізеді.

3. Есепке алу кітабын АӘА туралы келісімнің 15-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында белгіленген мерзім ішінде АӘА-ға қатысуши сақтайды.

4. Есепке алу кітабын АӘА-ға қатысуши мемлекеттік кірістер органының лауазымды тұлғаларына Кодектің 187-бабының 2-тармағына сәйкес кедендей бақылауды жүргізу мақсатында олардың талап етуі бойынша ұсынады.

3. Мемлекеттік кірістер органына есептілікті ұсыну тәртібі

5. АӘА-ға қатысуши есепті тоқсаннан кейінгі айдың 10-ы күнінен кешіктірмей тоқсан сайын осы Қағидалардың 3, 4 және 5-қосымшаларына сәйкес белгіленген нысандар бойынша мемлекеттік кірістер органына мынадай:

- 1) ЕКА кедендей рәсімімен орналастырылған тауарларға, сондай-ақ осындай тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларға жүргізілген операциялар туралы;
- 2) АӘА құрлысы үшін ЕКА кедендей рәсімімен орналастырылған тауарлар бойынша;
- 3) логистика бойынша операцияларды жасау мақсатында ЕКА кедендей рәсімімен орналастырылған логистикалық АӘА аумағына әкелінген тауарлар туралы есептіліктерді (бұдан әрі - Есептілік) ұсынады.

6. Есептілік мемлекеттік кірістер органына қағаз тасымалдағышында немесе мемлекеттік кірістер органдарының ақпараттық жүйесімен интеграцияланған тауарларды есепке алуудың автоматтандырылған жүйесін пайдаланып электрондық түрде ұсынылады.

Тауарлардың есебін жүргізу,
сондай-ақ мемлекеттік кірістер
органына еркін кедендей рәсімге
орналастырылған тауарлар бойынша
есептілікті ұсыну қағидасына
1-қосымша

ЕКА кедендік ресімімен орналастырылған тауарларды есепке алу кітабы

p/ с №	Тауарларға арналған декларацияның / тізбенің*	Тауардың мәртебесі (Кеден одағының немесе шетелдің тауары) №	Тауардың атауы	Салмағы, нетто (кг)	Кедендік құны (теңге)	Орындардың саны	Әкелу күні	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7	8	9

* Кеден одағының тауарларын ЕКА кедендік ресімімен орналастырған кезде оны пайдалану Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 мамырдағы № 263 шешімімен бекітілген Көліктік (тасымалдау), коммерциялық және (немесе) өзге құжаттарды тауарларға арналған декларциялар ретінде пайдалану тәртібі туралы нұсқаулықтың ережелерімен регламенттелген Тізбенің тіркеу нөмірі көрсетіледі.

Тауарлардың есебін жүргізу,
сондай-ақ мемлекеттік кірістер
органына еркін кедендік ресімге
орналастырылған тауарлар бойынша
есептілікті ұсыну қағидасына
2-қосымша

Нысан

ЕКА кедендік ресімімен орналастырылған тауарлардан жасалған (алынған) тауарларды есепке алу кітабы

p/ с №	ЕКА ресімнің аяқталуы кезінде тауарларға арналған декларацияның №	Тауардың атауы (қайта өңдеу өнімі)	Салмағы, нетто (кг)	Кедендік құны (теңге)	Орындардың саны	Әкетудің нақты күні	ЕКА ресімімен орналастырған кезде тауарларға арналған декларацияның (тізбенің)* № (алдыңғы құжат)	Ескертпе
1	2	3	4	5	6	7	8	9

* Кеден одағының тауарларын ЕКА кедендік ресімімен орналастырған кезде оны пайдалану Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 мамырдағы № 263 шешімімен бекітілген Көліктік (тасымалдау), коммерциялық және (немесе) өзге құжаттарды тауарларға арналған декларциялар ретінде пайдалану тәртібі туралы нұсқаулықтың ережелерімен регламенттелген Тізбенің тіркеу нөмірі көрсетіледі.

Тауарлардың есебін жүргізу,
сондай-ақ мемлекеттік кірістер
органына еркін кедендей рәсімге
орналастырылған тауарлар бойынша
есептілікті ұсыну қағидасына
3-қосымша

Нысан

нан
(ұйымның атауы, БЖН, мекен-жайы)
20 __ жылғы «__» ____ бастап 20 __ жылғы «__» ____

ЕКА кедендей рәсімімен орналастырылған тауарларға жасалған операциялар туралы, сондай-ақ
осындай тауарларды ЕКА кедендей рәсімімен орналастырылған жасалған (алынған) тауарлары туралы

ЕСЕПТІЛІК

М.О. _____
(АӘА-ға қатысушы басшының А.Ә.Т., қолы, күні)

1-бөлім. ЕКА кедендей рәсімімен орналастырылған тауарларға жасалған операциялар

р / с №	Тауардың атауы	Тауарлардың КО СЭҚ ТН коды (10 белгі)	ЕКА рәсімнімен орналастырылған тауарларға арналған декларацияның №	Тауардың саны	Тауардың санының өлшем бірлігі	Тауарларға жасалған операциятурлері	Тауарлардың қолданылғанын растайтын құжаттың № және күні (бар болған жағдайда)	Қайта өңдеу (өңдеу) бойынша операциялар нәтижесінде алынған тауардың атауы
1	2	3	4	5	6	7	8	9

Шетелдік тауарлар

--	--	--	--	--	--	--	--	--

Кеден одағы тауарлары

--	--	--	--	--	--	--	--	--

Таблицаның жалғасы

* 2-бөлім. Есептілік күні 1-бөлімде көрсетілгін мәлімдерге сәйкес ЕКА рәсімнімен
орналастырылған тауарлардан жасалған (алынған) тауарлар

					Тауарларға қатысты			
--	--	--	--	--	-----------------------	--	--	--

p/c №	Тауардың атавы	Тауарлардың КО СЭҚ ТН коды (10 белгі)	ЕКА рәсімін аяқтаған тауарларға арналған декларацияның №	жасалынған келісімдер туралы мәліметтер (бар болған жағдайда)	Кедендейк рәсімнің коды	Тауардың саны	Тауардың санының өлшем бірлігі	Тауарларға жасалған операциялардың түрі
1	2	3	4	5	6	7	8	9
Шетелдік тауарлардан жасалған (алынған) тауарлар								
Шетелдік тауарларды пайдалана отырып жасалған (алынған) тауарлар								
Кеден одағы тауарлардан жасалған (алынған) тауарлар								

* Есептілік тоқсан сайын мәлімметтердің көбейуімен ұсынылады

Тауарлардың есебін жүргізу, сондай-ақ мемлекеттік кірістер органына еркін кедендейк рәсімге орналастырылған тауарлар бойынша есептілікті ұсыну қағидасына
4-қосымша

Нысан

 (ұйымның атавы, БЖН, мекен-жайы)
 20____ жылғы «__» ____ бастап 20____ жылғы «__» ____

АӘА құрлысын салу үшін ЕКА кедендейк рәсімімен орналастырылған тауарлар бойынша

ЕСЕПТІЛІК

M.O.

(АӘА-ға қатысушы басшының А.Ә.Т., қолы, күні)

1-бөлім. АЭА жайластыру және обьекттердің құрлысын салу мақсатында ЕКА кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлар

Р/С №	Тауардың атасы	Тауарлардың КО СЭҚ ТН коды (10 белгі)	ТД/ЭД, тізілім №	Тауардың саны	Тауардың санының өлшем бірлігі	Тауарларға жасалған операция, әкелу мақсаты	Тауарлар көрсетілген қаржы – шаруашылық бухгалтерлік есепке алу есеп шоты жоспарына сәйкес субесеп шоты және есеп шоты №	Обекттің атасы және орнасы	Құрылыштың басталуы және құрылыштың аяқтауы (құрылыштың күні,) жобаның құны	Жоба сметал құжатты бойынша пайдаланыла тиіс тауардың саны ж (немесе өзге құжатты бойынша
1	2	3	4	5	6	7	8	10	11	12

Шетелдік тауарлар

Кеден одағы тауарлары

Таблицалының жадеасы

* 2-бөлім. Есептілік күні 1-бөлімде көрсетілгін мәлімдерге сәйкес ЕКА рәсімнімен орналастырылған тауарларды АЭА жайластыру және объектілерін салу кезінде пайдаланған тауарлар

жасалған (алынған) тауарлар						
Шетелдік тауарларды пайдалана отырып жасалған (алынған) тауарлар						
Кеден одағы тауарлардан жасалған (алынған) тауарлар						

* Есептілік тоқсан сайын мәлімметтердің көбейуімен ұсынылады

Тауарлардың есебін жүргізу, сондай-ақ мемлекеттік кірістер органына еркін кедендей рәсімге орналастырылған тауарлар бойынша

5-көсімшә

Нысан

нан
(үйымның атаяу, БЖН, мекен-жайы)
20__ жылғы «__» бастап 20__ жылғы «__»

логистика бойынша операцияларды істей мақсатында ЕКА кедендік рәсімімен орналастырылған логистикалық АЭА аумағына әкелінген тауарлар туралы

ЕСЕПТІЛІК

М.О. _____
(АӘА-ға қатысушы басшының А.Ә.Т., қолы, күні)

1-бөлім. логистика бойынша операцияларды істеу мақсатында ЕКА кедендейк рәсімімен орналастырылған логистикалық АЭА аумағына әкелиңген тауарлар

Тауарлар
көрсөтілген

p / с №	Тауардың атавы	Тауарлардың КО СЭҚ ТН коды (10 белгі)	ЕКА рәсімнімен орналастырылған тауарларға арналған декларацияның №	Жүк күжаты №	Транзиттік декларация №	Тауардың саны	Тауардың санының өлшем бірлігі	Әкелу мақсаты	Қаржы – шаруашылық бухгалтерлік есепке алу есеп шоты жоспарына сәйкес суб есеп шоты және есеп шоты №	Тау сақт к ту мәл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	

Шетелдік тауарлар

Кеден одағы тауарлары

Таблицаның жалғасы

* 2-бөлім. Есептілік күні 1-бөлімде көрсетілгін мәлімдерге сәйкес оларға логистика бойынша операцияларды істелінген логистикалық АЭА аумағынан әкетілген тауарлар

p/c №	ТД/ЭД, тізілім № және кедендік рәсімнің кодына сәйкес тауарлар әкетілуі	Тауардың атавы	Тауарлардың КО СЭҚ ТН коды (10 белгі)	Тауардың саны	өлшем бірлігі	Тауарларға жасалған операциялар түрлері	Тауарлар сақталған қойма туралы мәліметтер	Тауарларды шығынға шығару қаржы – шаруашылық бухгалтерлік есепке алу есеп шоты жоспарына сәйкес суб есеп шоты және есеп шоты №	АЭА аумағы шығару мақсаты декларацияның тауар берілген мәліметтері
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Шетелдік тауарлар									
Кеден одағының тауарлары									

* Есептілік тоқсан сайын мәлімметтердің көбейуімен ұсынылады

Еркін кедендік аймақ кедендік ресімімен орналастырылған тауарларды, Кеден одағының тауарлары деп тану қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Еркін кедендік аймақ кедендік ресімімен орналастырылған тауарларды, Кеден одағының тауарлары деп тану қағидасы «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 30 маусымдағы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 60-1-бабына және 2010 жылғы 18 маусымдағы Кеден одағының кедендік аумағындағы еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтар және еркін кедендік аймақтың кедендік ресімі мәселелері жөніндегі келісімнің 15-бабының 5 және 8-тармақтарына сәйкес әзірленді және еркін кедендік аймақ (бұдан әрі – ЕКА) кедендік ресімімен орналастырылған тауарларды, кедендік бақылауда тұрмаған Кеден одағының тауарлары деп тану тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағида мынадай жағдайларда:

1) арнайы экономикалық аймақтың (бұдан әрі – АЭА) жұмыс істеуі тоқтаған немесе АЭА аумағында ЕКА кедендік ресімін қолдануды тоқтату туралы шешім қабылданған кезде;

2) тұлға АЭА қатысуыш мәртебесін жоғалтқан жағдайда, АЭА қатысуыш ретінде қызметті жүзеге асыру туралы шарттың қолданылу мерзімінің өтуіне және осы шарттың талаптарын орындауға байланысты қолданылады.

3. ЕКА кедендік ресімімен орналастырылған тауарларды, Кеден одағының тауарлары деп тануды АЭА-ға қатысуышының дәлелді жазбаша өтініші негізінде мемлекеттік кірістер органы жүзеге асырады

.

2. Еркін кедендік аймақ кедендік ресімімен орналастырылған тауарларды Кеден одағының кедендік бақылауда тұрмаған тауарлары деп тану тәртібі

4. Осы Қағиданың 2-тармағында көрсетілген жағдайларда, ЕКА кедендік ресімімен орналастырылған, пайдалануға берілген және АЭА қатысуыш ретінде қызметті жүзеге асыру туралы шартты іске асыру және аталған шарттың талаптарын орындау үшін АЭА-ға қатысуыш пайдалануға енгізген жабдық, сондай-ақ ЕКА кедендік ресімімен орналастырылған және АЭА аумағында жылжымайтын мүлік объектілерін құру үшін пайдаланылатын тауарлар кедендік баждарды, салықтарды төлеместен, тыйым салулар мен шектеулерді қолданбастан және Кодексте белгіленген кедендік ресімімен орналастырмастан кедендік бақылауда тұрмаған Кеден одағының тауарлары деп танылады.

5. Осы Қағиданың 3-тармағында көрсетілген тауарларды Кеден одағының тауарлары деп тану мақсатында АЭА қатысуыш мемлекеттік кірістер органына:

1) еркін нысанда жазылған жазбаша өтінішті;

2) мынадай құжаттардың:

АЭА басқару органының немесе үекілетті органның АЭА аумағында АЭА қатысуышы ретінде қызметті жүзеге асыру туралы шарттың талаптарын орындау турали жазбаша растауының;

тауарға арналған декларацияның немесе тауарларды ЕКА кедендік ресімімен орналастыру кезінде тауарға арналған декларация ретінде пайдаланылатын тізбенің;

егер өтініш жабдықта қатысты берілсе, жабдықты пайдалануға беру туралы актінің;

егер өтініш АЭА аумағында жылжымайтын мүлік объектілерін құру үшін пайдаланылған тауарларға қатысты берілсе, салынған объектіні пайдалануға қабылдау туралы мемлекеттік қабылданап алу комиссиясы актісінің не Жылжымайтын мүлікке және олармен мәмілелерге арналған құқықтың бірыңғай мемлекеттік тізіліміне АЭА қатысуышының жылжымайтын объектіге меншік құқығы туралы жазбаларды енгізу туралы көшірмелердің куәландырылған көшірмелерін;

3) еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардың және көрсетілген кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлардан дайындалған (алынған) тауарлардың есепке алу кітабын ұсыну қажет.

4) мыналар:

ЕКА кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларға, сондай-ақ осындай тауарлардан дайындалған (алынған) тауарларға жасалған операциялар Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес тауарлардың есебін жүргізу, осы бүйрықпен бекітілген еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналасқан тауарлар бойынша мемлекеттік кірістер органына есептілікті ұсыну туралы;

АЭА құрлысы үшін ЕКА кедендік рәсімімен орналастырылған тауарлар бойынша Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес тауарлардың есебін жүргізу, осы бүйрықпен бекітілген еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналасқан тауарлар бойынша мемлекеттік кірістер органына есептілікті ұсыну;

логистика бойынша операцияларды істеу мақсатында ЕКА кедендік рәсімімен орналастырылған логистикалық АЭА аумағына әкелінген тауарлар, Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес тауарлардың есебін жүргізу, осы бүйрықпен бекітілген еркін кедендік аймақ кедендік рәсімімен орналасқан тауарлар бойынша мемлекеттік кірістер органына есептілікті ұсыну туралы есептілік.

6. АЭА-ның басқару органының жазбаша растауы АЭА-ға қатысуышының АЭА-ға қатысуыш ретінде қызметті жүзеге асыру туралы шарттың талаптарын орындаудың растайтын құжат және аталған шарттың талаптарын орындау болып табылады.

7. Құжаттардың, оның ішінде осы Қағиданың 5-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген мәліметтерді құрайтын құжаттардың бірі ұсынылаған жағдайда мемлекеттік кірістер органы ЕКА кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды, кедендік бақылауда тұрмаған Кеден одағының тауарлары деп танудан бас тартады.

8. Мемлекеттік кірістер органы оған қоса берілген құжаттармен бірге өтінішті ол тіркелген күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде қарайды.

9. ЕКА кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды, кедендік бақылауда тұрмаған Кеден одағының тауарлары деп тану осы Қағидаға қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұш данадағы бірлескен актінің негізінде жүзеге асырылады, олар мынадай тәртіппен бөлінеді:

бірінші данасы – мемлекеттік кірістер органында қалады;

екінші данасы – АЭА-ға қатысуыша беріледі;

үшінші данасы – АЭА-ның басқару органына беріледі.

Еркін кедендік аймақ кедендік
рәсімімен орналастырылған тауарларды,
Кеден одағының тауарлары деп тану
қағидасына қосымша

Нысан

ЕКА кедендік рәсімімен орналастырылған тауарларды, кедендік бақылауда тұрмаған Кеден одағының тауарлары деп тану туралы акт

№ _____
Күні _____

Осы Акт, АЭА қатысуши _____ АЭА аумағында ЕКА кедендік рәсімімен орналастырылған, төменде аталған тауарлар, кедендік баждарды, салықтарды төлеместен, тыйым салулар мен шектеулерді қолданбастан және «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» Қазақстан Республикасының кодексімен белгіленген кедендік рәсімдерге орналастырылмастан:

АЭА жұмыс істеуінің тоқтатуына, ЕКА кедендік рәсімі қолданылған АЭА аумағында ЕКА кедендік рәсімін қолдануды тоқтату туралы шешім қабылданған;

арнайы экономикалық аймақтың жұмыс істеуі тоқтаған немесе ЕКА кедендейк рәсімі қолданылған АЭА аумағында ЕКА кедендейк рәсімін қолдануды тоқтату туралы шешім қабылдануына байланысты кедендейк бақылауда тұрмадан Кеден одағының тауарлары деп.

p/6 №	Тауардың сипаттамасы	Өлшем бірлігі	Мөлшері	ТД/ЭД/тізбе* №

АЭА-ға қатысушы	АЭА-ның басқару органды	Мемлекеттік кірістер органды
А.Ә.Т. _____ басшының қолы _____ _____ БСҚ М.О.	А.Ә.Т. _____ басшының қолы _____ М.О.	А.Ә.Т. _____ басшының қолы _____ М.О.

* Кеден одағының тауарларын ЕКА кедендейк рәсімімен орналастыру кезінде оны пайдалану Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы 20 мамырдағы № 263 шешімімен бекітілген Көліктік (тасымалдау), коммерциялық және (немесе) өзге құжаттарды тауарларға арналған декларациялар ретінде пайдалану тәртібі туралы нұсқаулықтың ережелерімен регламенттелген Тізбенің тіркеу нөмірі көрсетіледі.